

ТЕАТР АКТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ



Бізде театр жолы салына бастағанына он жыл болып қалды. Содан бері үздіксіз істеп келе жатқан адамдар да бар. Он жыл – біздің дәуірде көп мезгіл. Социалдық құрылысымыз да он жыл емес, әрбір жылдың ішінде басқа елдермен салыстырғанда 50 жылда істеп болмайтын істерді жүзеге асырып отырмыз. Бізде театр жұмысы соңғы екі жылдың ішінде ғана жолдас Мирзоян бастаған крайкомның соңғы басшылығымен көңілдегідей

табыстарға жетті. Оның ішінде Жүргенұлы жолдастың театрға берген көмегін ұмытпай, оны әрбір театрда жүрген актерлер бағалайды. Жалпы жұртшылығымыз бағалайды. Театр адамдарынан болсын, басқа мәдениет қызметшілерінен болсын, театрдың өскенін, өркендегенін айтқанда, театрда белсенді қызмет істеген, басшылық көрсеткен, ұйымдастыруда, репертуарды даярлауда ерекше еңбек сіңіргендерді ұмытпауымыз керек.

Театрымызға және оның ойнаушыларына толық сын жоқ. Жұмысшы, колхозшылар: «Театрды оның қадірлі, шебер актерлеріне өз бағаларын беріп, мәдениет майданындағы табысымыздың бірі», – деп отыр. Оған факті – Қарағанды, Балқаш, Шымкенттегі полиметалл совхоз жұмысшыларының театр коллективімен жасаған әңгімелері және тағы басқалар.

Одақтас үлгілі академиялық театрларды нысанаға алғанда, театрымыз әлі жас. Шығармашылық тәжірибелері аз. Актерлеріміздің ішінде өздерінің талаптылығы болмаса, театр мектебін бітіргендер жоқ. Драматургия мен музыканың маңызына түсініп ойнау дәрежесіне жаңадан ғана жетіп келе жатыр. Бұл жайында сыншы-жазушылардың алдына мына мәселелерді тартпақшымын: театрымыздың өсу жолындағы міндеттері, музыка мен әндердің пьесадағы рөлі, пьесадағы актерлердің орындаған рөлі, іздену жолындағы табысы, сахнадағы шеберлігі және тағы басқалар.

Жазушы-сыншылар театрға көмектескенде осы жөніндегі кемшілік пен жетістігімізді дұрыс көзқараспен толық талқы жасап, актерлерге сабақ болғандай еңбектермен көрсетсін.

Кейбір актерлеріміз өз басындағы табысты жұртшылық алдына тартып, баспасөз бетінде жазып жүр. Көпшілігінікі тайыз. Соларға үлгі көрсетіп, жетекшілік істеуді жазушы-сыншылардан күтеміз.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 10 б. – (Мертойлық әдебиет).